

Англицизмдердің жаппай таралуы үрдісін жақтаушылар да бар. Үнемі өзгеріп отыратын тенденциялар мен шындықтарды бейнелеу үшін тілдің қарқынды дамуы керек деген сенім де бар.

«Алтын орта» жақтаушылары бәрін қалыпты мөлшерде жақсы деп санайды. Әрине, сөйлеу англицизмдерге толы болған кезде, сөйлеушіні түсіну өте қиын, әсіресе оның өзінің әлеуметтік тобына кірмейтіндер немесе басқа салада жұмыс жасайтындар үшін.

Қорытындылай келе, ағылшын тілі халықаралық қарым-қатынас тілі болғандықтан адамның өмір сүруінің барлық салаларына еніп берік орныққан. Жаңа ұғымды білдіретін интернационалды терминдерді қолдану баршаға бірдей түсінікті ортаның негізін құрайды. Алайда ағылшын тілінің төл сөзін тек ‘әсемдік’ үшін қолданудан бас тартып, сол мағынада қазақ тілінің сөздік қорында бар сөзді пайдалансақ, англицизмдер тілге сонды зиян келтірмес.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ушаков Д.Н. Толковый словарь русского языка. – М.: Гос. ин-т “Сов. энцикл.”, 1935-1940, 4 т.
2. Крысин Л.П. Слово в современных текстах и словарях. Очерки о русской лексике и лексикографии. – М.: “Знак”, 2008, 320 с.
3. Брейтер, М.А. Англицизмы в русском языке: история и перспективы. – М.: “Диалог-МГУ”, 1997, 156 с.
4. Исмаилова Н.А. Гастрономиялық лексиканың кросс-мәдени енуі // диссертация – Алматы, 2014, 133 б.
5. Перовская Т.И. VIP: к истории проникновения аббревиатуры в русский язык // Политическая лингвистика 3 (41). – ФГБОУ ВПО “Урал.гос.пед.ун-т”, 2012, с.166-169.
6. Кабакчи В.А. Троянский конь последней революции // Культура. Еженедельная газета интеллигенции № 37 (7245). – “Метрополис”, 2000, с. 4-5.
7. Steiner G. After Babel. Aspects of language and translation. – Oxford University Press, 1975, 520 p.
8. Иванова Е. Поговорим об англицизмах: слова заимствованные из английского языка. Источник: <https://lim-english.com/posts/anglicizmy/>
9. Злотникова Т.С., Гапонова Ж. К. Наш русский супер-гипер-мульти-проект // Ярославский педагогический вестник №4. – 2017, с. 280-289.
10. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. – А Темп, 2008, 944 с.

ӘОЖ 004.738.5.: 81

ҒАЛАМТОР РЕСУРСТАРЫНДАҒЫ ЖАЗБАЛАР ТІЛІНДЕГІ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Амантаева Диана Бахытқызы

diana-amantay@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының 2-курс магистранты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.Маликов

Тілдегі лингвистикалық өзгерістер оның әлеуметтік аспектілеріне, атап айтқанда білім беру, коммуникация және мәдениет саласындағы саясат пен жоспарлауға да әсер ететіні сөзсіз.

"Графизация", "стандарттау", сондай-ақ жазуды (алфавиттерді) іріктеу және дамыту сияқты тілдік жүйенің таза лингвистикалық сипатындағы процестердің тілдік идеологияның басқа аспектілеріне айтарлықтай әсер ететін функциялары бар екендігі айдан анық. Осы үрдістердің функционалдығын талдай отырып, Кобаррубиас [1,56] олар тілдің идеологиясына, оның нақты контекстегі саясатына, адамдардың тіл туралы көзқарасына, қолдануына және сеніміне, оның қоғамдағы дамуының бүкіл жүйесіне айтарлықтай әсер етеді деп мәлімдейді. Ал кейбір тілші ғалымдар әліпбидің өзгеруі тіл дамуының маңызды аспектілерінің бірі ретінде қарастырылады деп мәлімдейді. Бұл, біріншіден, экономикалық, әлеуметтік және саяси факторлар әсер еткен белгілі бір елдің тілдік жағдайындағы шешуші өзгерісті білдіреді. Екіншіден, жазудың өзгеруін зерттей отырып, білім берудегі тіл саясаты жаңа алфавитке және білім беру процесіне әсер ететін жаңа өзгерістерге қалай сәйкес келетінін зерттеуге болады.

Сонымен қатар әліпбидегі өзгерістер тек қана жоғарыда аталған тіл мен қоғамның аспектілеріне ғана әсер етіп қоймайды, сонымен бірге ХХІ ғасырдағы технологиялардың дамуымен тығыз байланысты болатыны сөзсіз. Бұл үрдіс тілдің әліпбиі белгілі азды-көпті немесе толықтай өзгеріске ұшырыған мемлекеттерге тән. Солардың жарқын бір мысалы ретінде Қазақстандағы мемлекеттік тіл әліпбиінің кириллицадан латын графикасына ауысу үрдісін атауға болады.

Сондықтан бұл шағын ғылыми зерттеу мақалада, біз, ең алдымен, Қазақстандағы латын графикасына ауысу үрдісіне қатысты тарихи шолу жасаймыз. Кейін әліпбидің өзгеруіне ерекше ықпал ететін лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды қарастырамыз. Нәтижесінде қалыптасқан және сараланған теориялар мен әдіснамалар негізіндегі елдегі ғаламтор ресурстарындағы жазбалар тіліндегі латын графикасының қолданылуы жан-жақты сараланады.

Қазақ әліпбиінің кириллицадан латын графикасына көшуі, бір жағынан, ХХІ ғасырда қазақ тілінің дамуындағы бірегей қадамдардың бірі болып табылғанмен, екінші жағынан кеңес заманында орын алған тарихи алғышарттары бар тарихи үрдіс болып есептеледі. Кейбір ғалымдардың пікірінше, латын әліпбиіне көшудің алғашқы тәжірибесі араб-кириллица жазуын ауыстыру арқылы жүзеге асырылған орыстандыру процесінің орташа кезеңі болды. Әліпбидің өзгеруі нәтижесінде қазақ тілінің құрылымына, тілдің дамуына, сондай-ақ оның күнделікті өмірде қолданылуына әсер етті [2, 67].

Посткеңестік кезеңде Қазақстан үкіметі қазақ тілінің барлық саладағы (білім беру, саясат, экономика, мәдениет) мәртебесі мен беделін арттыруға күш салды. Ғалымдардың деректері бойынша, тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығындағы тілдік жағдай қазақ тілін білу үлесіне байланысты ерекше болды, онда орыс тілінің үлесі шамамен 37,7%-ды құрады. Осылайша, қазақ тілі мемлекеттік тіл болып саналатынына қарамастан, орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі мәртебесіне ие және ел тұрғындары арасында танымал тілге айналды. Әрі қарай, 1995 жылы қабылданған Конституцияға сәйкес, орыс тілінің мәртебесі ұлтаралық қатынас тілінен ресми тілге дейін көтерілді. Елдегі тіл саясаты мен жоспарлау асимметриялық қостілділікке негізделген, бұл қазақ және орыс тілдерін білу мен пайдаланудағы теңгерімсіздікті білдіреді. Сондықтан үкімет мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге және оны басқаруда, бизнесте, білім беруде және экономикада пайдалануға дереу кірісті.

Осындай қадамдардың бірі 2006 жылы Қазақстанның экс-Президенті Н.Назарбаев қазақ тілін дамытудың факторы ретінде әліпбиді ауыстырудың маңыздылығын атап өткен кезде басталған әліпбидің латын әліпбиіне көшуі туралы пікірталас болды. Алайда, оның қазақ тілінің әліпбиін 2025 жылға қарай кириллицадан латын әліпбиіне толығымен көшіру жоспарланғаны айтылған жарлығынан (2017) кейін жігерлі қадамдар жасалды. Бұған дейін Н.Назарбаев (2017) өзінің "Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту" атты мақаласында ұлттық мәнмәтінде латын графикасына көшу маңыздылығы туралы мәлімдеген болатын. Осы мақалада ол елдің

дамуының қажетті қадамдары ретінде қарастырылатын осы процестің саяси, экономикалық, мәдени, әлеуметтік және білім беру артықшылықтары туралы мәлімдеді. Латын әліпбиіне көшу мемлекеттік деңгейде бірнеше рет талқыланды және осы саладағы сарапшылар, нәтижесінде білім беру, Халықаралық қатынастар; мәдениет үшін латынға көшудің көптеген артықшылықтарын анықтады. Біріншіден, бұл қазіргі Жаһанданған әлемдегі барлық қатынастар латын әліпбиіне негізделгендіктен маңызды: заманауи технологиялар, әлемдік қатынастар, қазіргі ғылымның жетістіктері. Демек, латын графикасына көшу қазақ тілінің заманауи әлемге интеграциялануына, білім, бизнес және мәдениетте танымал болуына жағдай жасай алады (Назарбаев, 2017). Екіншіден, көптеген түркі елдерінің (Өзбекстан, Тәжікстан, Түркия, Әзірбайжан) латын әліпбиіне көшкенін ескерсек, қазіргі көшу олардың тәжірибесіне сүйене отырып, табысты болуы мүмкін, өйткені қазақ тілінің өз тілдерімен ортақ тілдік заңдылықтары бар. Сонымен қатар, бұл үрдісті жақтаушыларының пікірінше, бұл әліпбиді ауыстыру ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік тіл функциясына айтарлықтай әсер ету, нәтижесінде Қазақстанға халықаралық қоғамда өзіндік ерекшелікке ие болуға көмектеседі. Осымен біз латын графикасына көшу үрдісінің тарихи, қоғамдық және саяси алғышарттарына тоқталып өттік. Ендігі кезекте аталмыш үрдіске қатысты ғалымдар тұжырымдаға теорияларға назар аударамыз.

Белгілі бір тілдің әліпбиі немесе графикасының өзгеруінің ғылыми зерттелуі мен талдануы дискурс анализ арқылы талданады. Ғалым Ц.Эйраның (1998) пікірінше, емле мәселелеріне қатысты алты жалпы дискурс бар:

- 1) ғылыми;
- 2) саяси;
- 3) діни;
- 4) технологиялық;
- 5) тарихи;
- 6) педагогикалық [3, 41].

Алайда ғалым Эстон дискурстар адамдардың емле реформасына деген әр түрлі реакцияларына байланысты өзгеруі мүмкін деген мәлімдеме жасаған болатын. Сондықтан іздеудің негізгі бағыты білім беру мәселелеріне бағытталғандықтан, нәтижелерді жіктеу үшін авторлардың әртүрлі жіктеулерінен әртүрлі дискурстар таңдалады.

Біріншіден, білім алушылардың ғылыми пәндерді оқуының жеңілдігі ғылыми пәндердің біліміне қатысты белгіленген негізгі құндылықтардың бірі ретінде дамуы туралы тұжырымдарға байланысты деген қорытынды шығарамыз. Бұл педагогикалық дискурсқа байланысты. Қазіргі таңда ғаламтор кеңістігінде көптеген вебсайттар соңғы ұсынылған латын графикасын қолданып, бірыңғай сол графикада негізделген арнайы мәзір жасаған болатын. *Бір жағынан бұл жаңа әліпбидегі қазақ тілінің оқылуын тексеруге бағытталған болса, екінші жағынан бұл оқырмандарды дағдыландыруды мақсат еткен болатын. Жарқын мысал ретінде «Abai.kz», «zhebe.kz», «muslim.kz», т.б. ғаламтор алаңдарын алуға болады. Сонымен қатар жоғарыда келтірілген мысалды технологиялық дискурспен байланыстыруға болады.*

Сонымен бірге орфография мен ғылыми дискурсты байланыстыра отырып, Аяз (1992) орфографияның ғылыми жағы білім беру, лингвистикалық және әлеуметтік аспектілерге ие деп мәлімдейді. Қазіргі тұжырымдар жағдайында жоғарыда келтірілген латынға көшу білімінің артықшылықтары негізінен ғылым дискурсының білім беру аспектісіне қатысты. Жаратылыстану пәндерін үйренудің жеңілдігі призмасындағы дәл осы аспект адамдарды латын графикасында білім алуға итермелейді деп қорытынды жасауға болады.

Екіншіден, ағылшын тілін тез меңгеру және халықаралық ақпарат көздеріне ашық қол жетімділік бірнеше себептерге байланысты жаһандану (Батыс) дискурсымен байланысты. Біріншіден, ағылшын тілін білім берудегі маңызды тілдердің бірі ретінде қарастырып, оның дамуы үшін құнды деп санайды, бұл адамдар емле жағдайында жаһандану тенденцияларын

ескереді. Екіншіден, халықаралық ақпарат көздеріне қол жеткізу сонымен бірге жаһандануды білім беруде латын графикасындағы алға жылжытудың құндылығы мен мотивациясы ретінде қарастыруды білдіреді. Осыған ұқсас зерттеу нәтижелерімен салыстырғанда Татарстан, Өзбекстан, Әзірбайжан сияқты елдерде білім алудың артықшылығы ретінде қарастырылады және нәтижелер тек жаһандануға ғана емес, сонымен қатар технологиялық дискурсқа да қатысты. Алайда бұны жақтаушылар орфографиялық технологиялық мәселелер жаһандану дискурсының аясында болуы керек деп санайды, өйткені технологиялық прогресс жаһандануға байланысты, ал өзгелер егер адамдардың сөздері тек технологиялық жетістіктерден тұрса, технологиялық дискурс тәуелсіз дискурс бола алады деп мәлімдейді. Қазіргі зерттеулер жағдайында адамдардың мәлімдемесі қазіргі технологияларды ақпаратты іздеу құралы ретінде атайды, сондықтан біз оларды жаһандану дискурсына жатқызамыз. *Сонымен қатар ғаламтордағы латын графикасының қолданылуына назар беретін болсақ, көптеген әлеуметтік Instagram, Facebook, TikTok, т.б. сынды желілерде адамдар жазбаларын, блогтарын, тіпті өздерінің аттары мен репосттарды латын графикасында жазуға тырысып жүр.* Бір жағынан бұл заманауи тренд деп есептесек, екінші жағынан технологиялардың адам өмірімен, олардың руханияты мен әлеуметтік бағытымен тығыз байланысы көрсетуге болады. Сонымен бірге бұл жаңа графикадағы қазақ тілінің жарнама іспеттес деталі қарастыруға болады.¹

Ғаламтор жазбалары, оның ішінде әлеуметтік желілерге терең тоқталатын болсақ, жоғарыда келтіріліп кеткен мысалдардан бөлек, көптеген адамдар латын графикасында ұялы топтамалар мен өздерінің ірі-шағын бизнес атауларын латын графикасында қолданады. Енді осылардың әрқайсысына тоқталып кетейік.

Ұялы телефондағы қосымшаларға мән берсек, кеесілердің латын графикасында қолданылғанын байқаймыз:

- **Банк қызметі:** Jusan, Halyk Bank, Kaspi, т.б.;
- **Жарнама:** Krysha, koleza, т.б.;
- **Қызмет көрсету:** Ashyq, DamuMed, FlyArystan, Saq Bol, e-Salyq, т.б.

Осылардың латын графикасында қолданылуы бір жағынан заманауи бағытпен парапар болғандығы, екінші жағынан қазақ тіліндегі ұтымды жарнама жасағандығы есептеуге болады.

Ал жоғарыда ғалым Ц. Әйраның келтірілген дискурс түрлерімен байланыстыратын болсақ, *ғаламтордағы TilAlemi, Bala.qz, Quzhat.kz*, т.б. веб алаңдардың латын графикасында болуы бір жағынан педагогикалық дискурспен сәйкес келсе, екінші жағынан ғылыми дискурсқа жатқызуға болады [3, 41].

Ал мемлекеттік ұйымдар мен органдардың латын тілде ғаламтор жазбаларын жүргізуін саяси дискурс деп есептей аламыз [3, 41].

Бұл шағын дескриптивті ғылыми мақаланы қорытындылайтық болсақ, біз, біріншіден, әліпби өзгерісінің жалпы тілдің дамуы мен оның өзгеруіне қалайша әсер ететінін анықтадық. Бұл тұста көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың теорияларына сүйене отырып Қазақстанда орын алған латын графикасына көшу үрдісін жан-жақты талдауға тырыстық.

Екіншіден, ғаламтор жазбаларындағы латын графикасының қолданылуын талдамас бұрын, біз аталмыш үрдістің тарихи дамуына назар аударып, бүгінгі күнге қандай өзгерістерге ие болғанына мән бердік.

Үшіншіден, елдегі ғаламтор алаңындағы латын графикасының қолданылуын дискурс анализ арқылы саралап, келтірілген мысалдарды әр дискурс төңірегінде талдауға тырыстық. Нәтиесінде ғаламтордағы жазбалардың технологиялық, ғылыми, педагогикалық, саяси дискурстармен тығыз байланысты екендігіне көз жеткіздік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Cobarrubias J., Fishman J. A. (ed.). Progress in language planning: International perspectives. – Walter de Gruyter, 2012. – Т. 31.
2. Ж. Әлімхан. Фонетикалық атаулар жайында // Ұлттық рухтың ұлы тіні.-Алматы: Ғылым, 1999.-262-268 бб.
3. Eira C. Authority and discourse: Towards a model for orthography selection //Written Language & Literacy. – 1998. – Т. 1. – №. 2. – С. 171-224.

ӘОЖ 81'373

КӨЛІК ЖӘНЕ ҚАТЫНАС ЖОЛДАРЫ САЛАСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН БУДАН ТЕРМИНДЕР

Ахмет Ақжібек Нұрланқызы

akjibekz@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының докторанты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ш.Құрманбайұлы

Қазақ терминологиясындағы салалық терминдер тілдің жалпы лексикалық жүйесіне енеді, атап айтқанда терминологиялық жүйені (терминология) құрайды. Терминдер -терминология объектісі болып табылады. Білімнің әртүрлі салаларындағы терминдер арнайы терминологиялық сөздіктерде көрініс табады. Термин тілдің бірлігі ретінде белгілі бір тілдің фонетикалық және грамматикалық заңдарына бағынады.

Термин дегеніміз кез-келген бір ғылым саласының арнайы ұғымдарын білдіретін сөздер мен сөз тіркестері. Терминнің өзіне тән ерекшеліктері: жүйелілік, дәлдік, стилистикалық бейтараптылық, анықтамасының болуы, берілген анықтаманың ғылымилығы мен анықтылығы, т.б. Ғалым Б.Қалиұлы «термин сөздер – аяғын аспаннан салбыратып түскен, «қасиетті», «құдіретті» сөздер емес. Олардың әдеттегі халықтық сөздерден еш айырмашылықтары жоқ. Жалғыз-ақ айырмашылығы бар, ол – әлгі термин сөздердің арнайы, ерекше мағынада, яғни білгілі бір ғылыми ұғымды білдіретіндігі және терминдердің тек белгілі бір ғылыми терминдер жүйесінде ғана термин бола алатындығында [1; 79].

Жаппай жаһандану тілдердің бір бірімен қарым-қатынасқа түсуі, саяси, мәдени, экономикалық, техникалық және компьютерлік салаларда интергациялануы шет тілдік атаулардың ана тілімізге ену процестерін күшейтуде. Бұл әсіресе терминдерге қатысты. Осындай көзқарасты ғалым Б.Момынованың мақаласындағы «Әр түрлі тілдердің иелері (тұтынушылары, елдер, мемлекеттер) арасындағы экономикалық, саяси және мәдени байланыстардың жолға қойылуы, жаппай компьютерлендіру, ғылым мен техниканың дамуы мен техникалық құралдардың қолжетімді бола бастауы, жалпыға таралуы тілдегі кірме сөздерді көбейтті және сөз тудыру процесінің жандануына әкелді» [2] деген сөздерінен көре аламыз.

Бір бөлшегі төл сөзіміз, екінші кірме сөз немесе шетелдік терминологиялық болып келетін атауларды ғалым Ш.Құрманбайұлы қазақ тіл білімінде «будан атаулар» деп атайды да, «... бүгінгі уақытта олардың (будан атаулардың) саны күрт өсті. Бұл ерекше назар аударатын құбылыс. Будан атаулар санының бірден артуының лингвистикалық, экстралингвистикалық себептерін анықтап, олардың жасалу жолдарын, мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін көрсету өте маңызды іс» [3,76] дей келе будан атаулардың негізгі мәселелерін атап көрсетеді.

Терминологиялық сөздік жасауға арналған әдістемелік нұсқаулықта «Будан (гибрид) термин (гибридный термин, гибридо-термин) – бір бөлігі өзге тілден алмасқан, ал өзге бөлігі